



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№38/168

20 қыркүйек



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VIII СЪЕЗІНІҢ ЖАБЫЛУЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Мемлекет басшысы бірнеше күннен бері елордада түрлі мәдениет пен өркениет өкілдері бас қосып жатқанын айтты.

– Меймандарымыздың діні мен ділі бөлек болса да, тілегі мен ниеті бір екені сөзсіз. Съездің қорытынды Декларациясы – соның айқын дәлелі. Құжатта ортақ идеялар мен ұсыныстар көрініс тапты. Жалпы, форумның түпкі мәні де – осы. Біз құрмет пен сыйластыққа негізделген сындарлы диалогтың куәсі болдық. Ең бастысы, дінбасылар ортақ мүдде жолында күш біріктіруге дайын екенін көрсетті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, шын мәнінде, салмақты және сындарлы диалог – нағыз даналықтың көрінісі.

– Сіздер бүкіл әлемге көрегендік пен парасаттылықтың үлгісін көрсетіп отырсыздар. Геосаяси тұрақсыздық белең алған күрделі кезде мұның мән-маңызы айрықша. Форум бүгінде діндер мен мәдениеттер арасындағы ықпалдастықты дамытудың, барша адамзаттың жарқын болашағы үшін ынтымақтастықты нығайтудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Пленарлық және секциялық отырыстарда, діни орындар мен нышандарды қорғау бойынша арнайы сессияларда, сарапшылар дөңгелек үстелінде және жас діни

көшбасшылар форумында көптеген құнды идея мен ұсыныс айтылды. Сіздер деструктивті ағымдар мен зорлық-зомбылықты қатаң айыптап, қазіргі дағдарыстарды реттеу мүмкіндіктерін қарастырдыңыздар, әлеуметтік теңсіздікті еңсеру мен инклюзивті қоғам құру жолдарын талқыладыңыздар. Экология, орнықты даму, жаңа технологиялар мен жасанды интеллектінің адам өміріне әсері мәселелеріне ерекше мән берілді. Съездің ашылуында сөйлеген сөзімде діни дипломатияның халықаралық аренадағы диалог пен сенімді нығайтуда маңызды рөл атқаратынын айтқан едім. Сіздердің де бұл ұстаныммен келісетіндеріңіз куантады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жаһанда түбегейлі өзгерістер орын алып жатқан кезеңде дін көшбасшылары барша халыққа адамгершілік қасиеттер мен гуманистік құндылықтардың шамшырағы болуға тиіс деп санайды.

– Екі күн ішінде сіздер Съезд жұмысының басты бағыттары мен келешек күн тәртібі туралы ортақ ұйғарымға келдіңіздер. Ол бірлескен қорытынды Декларацияда көрініс табады. Барлық форум қатысушыларын, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерін осы Декларацияның идеяларын белсенді насихаттауға шақырамын. Сіздердің климат өзгерістерімен күре-

стегі дін басшыларының рөлі туралы құжат әзірлеу, сондай-ақ дін және гуманизм тұрғысынан жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдаланудың жалпыға бірдей қағидаттарын қалыптастыру туралы Съезд Хатшылығына берген ұсынымдарыңызды толық қолдаймын. БҰҰ Өркениеттер альянсының сессиясын айрықша атап өткім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы тарихи ескерткіштерді, мәдени әруандықты және адамзаттың рухани мұрасын сақтау үшін діни нысандарды қорғау өте өзекті екенін жеткізді.

– Қазақстанда мұндай іс-шараларды өткізу Орталық Азия аймағында аталған мәселе үлкен маңызға ие екенін көрсетеді. Жас діни көшбасшылар форумы өскелең ұрпақтың сабақтастықты сақтауға, диалог пен өзара түсіністік жолын жалғауға ұмтылатынын байқатты. Яғни әлемнің келешегі бар деген сөз. Сарапшылардың дөңгелек үстелі рухани дипломатияның әлеуетін кеңінен түсінуде ғылым мен діни ілім синергиясы маңызды екенін танытты. Бұл бағытты халықаралық ынтымақтастықтың құрамдас бөлігі ретінде күшейту қажет деп санаймын. Съезде дін көшбасшыларының бейбіт қатар өмір сүруге шақырып, бейтарап, саяси реңк бермей, ортақ үн қату

идеясы талқыланды. Осы арқылы жаңа, анағұрлым орнықты әрі әділ әлемдік тәртіпті қалыптастыруға елеулі үлес қосуға болады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан барлық деңгейдегі дінаралық және мәдениетаралық диалогты толық қолдайтынын және Съездің жаһандық пікірталас алаңы ретінде ықпалын арттыруға тырысатынын атап өтті.

– Біз Съезд Хатшылығының БҰҰ институттарымен және басқа да құрылымдармен серіктестік желісін кеңейтуді жалғастырамыз. Съезд идеяларын ілгерілету үшін бірқатар іс-шара ұйымдастырылады. Оған халықаралық серіктестеріміз, жастар, сарапшылар, волонтерлік ұйымдар қатысады. Бейбітшілік – ең басты байлығымыз. Бұл – барша елдерге, халықтар мен діндерге ортақ аса маңызды құндылық. Шын мәнінде, татулық пен тұрақтылық баянды болашақтың мызғымас кепілі саналады. Сіздер осы жолда аянбай еңбек етіп жүрсіздер. Бүгінгі басқосуды соның жарқын көрінісі болды деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, Съезд табысты өтті. Баршаңызға зор алғысымды айтамын. Игі мақсат жолындағы ынтымағымыз одан әрі нығая береді деп ойлаймын, – деді Президент.

akorda.kz

120 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДА

Қарағанды облысында алдағы жылдары 120 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Оның ішінде 29 жоба биыл іске қосылады. Өңір тау-кен өндірісі мен қайта өңдеуге басымдық беруде: ыстық мырыштау зауыты жұмыс істеп тұр, теледидар мен кір жуғыш машина шығаратын өндіріс іске қосылды. Бұл және басқа да мәселелер облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев төрағалық еткен жиында талқыланды. Кездесу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық трансформация арқылы шешу» атты Жолдауын жүзеге асыруға арналды.

– Индустриялық жүрек саналған Қарағанды облысы бұл міндеттерді орындауда көшбасшылар қатарында болуы керек. Бізде қуатты өндірістік база, білікті кадрлар және айтарлықтай аграрлық әлеует бар. Өңір Қазақстанның болашағына арналған зертханасына айналуға тиіс, мұнда дәстүрлі өндіріс пен жаңа технологиялар, ауыр өнеркәсіп пен цифрлық шешімдер тоғысуы қажет, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысовтың айтуынша, өңірде инвестиция тарту қарқынды жүріп жатыр. Жаңа жобалар 20 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Өңірде геологиялық барлау дамып келеді. Бұл минералдық-шикізат базасын кеңейтіп, сирек жер металдарын қайта өңдейтін кәсіпорындарды іске қосуға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысы экономикасын әртараптандыруда қазірдің өзінде жетістіктерге жетіп отыр. Өткен жылы өңір кәсіпорындарында өндірілген өнім көлемі 3 трлн теңгеден асты.

Президент тұрақты дамудың маңыздылығын атап өтті. Қарағанды облысында Qatmet компаниясының кәсіпорындарында өндірісті жаңғырту мен жаңа технологияларды енгізуге 1,6 трлн теңге инвестиция құю жоспарлануда.

Жиынды қорытындылай келе, Ермағанбет Бөлекпаев Жолдаудағы басты сын-көтерме – техноцентризмге негізделген болашаққа дайындық екенін еске салды.

– Бұл бастамалар – жұмыстың бастамасы ғана. Баршамыз Мемлекет басшысының Жолдауын сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру үшін күш біріктіріміз қажет. Жетістік халықтың әл-ауқатына және елдің тұрақты дамуына тікелей байланысты, – деп түйіндеді облыс әкімі.

Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз орталығы

120 ИНВЕСТИЦИОННЫХ ПРОЕКТОВ: КАРАГАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ НАРАЩИВАЕТ ПРОМЫШЛЕННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ

В Карагандинской области в ближайшие годы реализуют 120 инвестиционных проектов, из них 29 в этом году. В регионе делают ставку на горно-добывающую отрасль и переработку: работает завод горячего цинкования, запущено производство телевизоров и стиральных машин. Эти и другие вопросы обсуждались на заседании в акимате, где речь шла о реализации Послания Касым-Жомарта Токаева «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию».

– Карагандинская область, известная как индустриальное сердце страны, должна находиться в числе лидеров в выполнении этих задач. У нас есть мощная промышленная база, квалифицированные кадры и значительный аграрный потенциал. Регион должен стать лабораторией будущего Казахстана, где соединятся традиционное производство и новые технологии, тяжёлая промышленность и цифровые решения, – сказал аким области Ермағанбет Булекпаев.

По словам заместителя акима области Ермека Алпысова, сейчас в регионе активно привлекают инвестиции. Новые проекты дадут свыше 20 тысяч рабочих мест.

В области развивается геологоразведка, что позволит расширить минерально-сырьевую базу и запустить предприятия по переработке редкоземельных металлов.

Карагандинская область демонстрирует успехи в диверсификации экономики. В прошлом году объём продукции, произведённой на предприятиях региона, превысил 3 трлн тенге.

Президент подчеркнул важность устойчивого развития. В Карагандинской области планируют инвестировать 1,6 трлн тенге в модернизацию производства и внедрение новых технологий на предприятиях компании Qatmet.

Подводя итоги заседания, Ермағанбет Булекпаев напомнил, что в Послании обозначен главный вызов – подготовка к будущему, где ключевую роль играет техноцентризм.

– Эти инициативы лишь начало работы. Всем нам необходимо объединить усилия для качественной и своевременной реализации Послания Главы государства. Успех напрямую связан с благополучием людей и устойчивым развитием страны. Поэтому действовать нужно вместе, одной командой, – подчеркнул аким области.

Пресс-центр акимата Карагандинской области

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНДА ТАЛҚЫЛАНДЫ

Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын талқылау мақсатында қалалық мәслихат аппаратының қызметкерлерімен жиын өткізді.

Жиын барысында Алтай Нәсіпбекұлы Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған негізгі бағыттарға тоқталып, цифрландырудың, жаңа технологияларды енгізудің және жасанды интеллектіні қолданудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесін ерекше атап өтті. Қатысушылар сөз сөйлеп, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Кездесудің қорытындысында қалалық мәслихат төрағасы әріптестерін Президент белгілеген жаңа бағыттарды іске асыруға белсене атсалысуға, халыққа қызмет көрсетуде тиімділікті арттыруға және цифрлық өзгерістерге бейімделуге шақырды.

Приозерск қалалық мәслихаты



ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА: ВОПРОСЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ И РАЗВИТИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ОБСУДИЛИ В ПРИОЗЕРСКОМ ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ

Председатель Приозерского городского маслихата Исатаев Алтай Насипбекович провёл собрание с сотрудниками аппарата городского маслихата с целью обсуждения Послания Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию».

В ходе встречи Алтай Насипбекович остановился на ключевых направлениях, обозначенных в Послании Главы государства, особо подчеркнув значимость цифровизации, внедрения новых технологий и использования искусственного интеллекта для социально-экономического развития страны. Присутствующие приняли активное участие в обсуждении, высказали свои предложения и поделились взглядами на реализацию поставленных задач. В завершение заседания председатель городского маслихата призвал коллег активно содействовать реализации новых направлений, определённых Президентом, повышать эффективность в обслуживании населения и адаптироваться к цифровым изменениям.

Приозерский городской маслихат

ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТИ АЛТЫН ОРДАҒА – 755 ЖЫЛ



Алтын Орда — Ұлы дала өркениетінің алтын қазынасы. 2025 жылы адамзат тарихындағы ең қуатты мемлекеттердің бірі — Алтын Орданың құрылғанына 755 жыл толып отыр. Бұл ұлы мемлекет 1270-жылдары Жошы хан әулетінің билігімен қалыптасып, Еуразия кеңістігінде саяси, мәдени және экономикалық өрлеудің символына айналды.

Алтын Орданың тарихы.

Алын Орда XIII ғасырдың ортасында Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан ұрпақтарының билігімен құрылған. Астанасы алғашында Сарай-Бату, кейін Сарай-Берке қалалары болды. Оның жер аумағы Еділден бастап Ертіске, Қырымнан Сібірге дейін созылып, орасан зор аймақты қамтыды.

Бұл мемлекет тек жауынгерлік күшімен ғана емес, сауда жолдарын дамытуымен, қалалық мәдениетті өркендетуімен және түркі халықтарының рухани бірлігін нығайтуымен ерекшеленді.

Алтын Орданың маңызы.

Мемлекеттік басқару жүйесі — хандық билік, заңдар мен тәртіптің қалыптасуы.

Қалалар өркениеті — Сарай-Бату, Сарай-Берке, Хажы-Тархан сияқты қалалар гүлденді. Сауда және дипломатия — Жібек жолының маңызды бөлігі ретінде Шығыс пен Батыс өркениеттерін жалғады.

Мәдени ықпал — әдебиет, сәулет, қолөнер дамыды, ислам діні кең тарады.



Осы орайда, кітапхананың «Білім» орталығында Алтын Орданың құрылғанына 755 жыл толуына орай «Ұлы дала өркениеті» атты тарихи-ақпараттық сағат №1 мектептің 10сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Мақсаты: ұлы мемлекеттің тарихтағы орнын айқындап, өркениеттік дамуға қосқан үлесін дәріптеу, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру. Іс-шара барысында кітапханашы ортағасырлық мемлекеттің құрылуы, хандар мен Алтын Орда аумағы туралы айтып берді. Оқушылар Алтын Орда тарихының, мәдениеті мен өркениетінің құқықтық мұрагерлері мен мұрагерлері болған Қазан, Қазақ, Астрахан және басқа хандықтардың қалыптасуы мен дамуына серпін бергенін білді. «Ұлы дала өркениеті» атты кітап көрмесі дайындалып, сол кезеңнің тарихи мұрасы мен тұлғаларына арналған кітаптар ұсынылды. Кітап көрмесіне І.Есенберлин «Алтын Орда», Қ.Бегалин «Алтын Орда хандығы», А.Әбсадық «Ұлы дала аңыздары», Ұ.Дәлейұлы «Жошы хан» және басқа да кітапхана қорындағы кітаптар қойылды. Оқушылар өз ойларымен және іс-шарадан алған әсерлерімен бөлісті.

Бүгінгі ұрпаққа тағылым

Алтын Орда — қазақ халқының, сондай-ақ көптеген түркі халықтарының тарихи негізін қалыптастырған ұлы мемлекет. Оның 755 жылдығын атап өту — тек өткенге тағзым емес, болашаққа бағдар. Бұл мерейтой бізге бірлік, әділдік және өркениет құндылықтарын қастерлеуді үйретеді.

Оқу бөлімінің кітапханашысы Болысбек Ұ.О.

ӘСКЕРГЕ БАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ



Еліміздегі жастарды күзгі әскерге шақыру бойынша «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде әскер жасына дейінгі жастарға арналған Ашық есік күні ұйымдастырылып өткізілді. Осы Ашық есік күніне Қарағанды облысының білім басқармасына қарасты «Приозерск қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі», «Сарышаған кентінің жалпы орта білім беретін мектебі» және «Сарышаған мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің жоғарғы сынып оқушыларын тартылды.

Отан алдындағы борышын өтеп жүрген мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілердің күнделікті тыныс-тіршілігін ашып көрсетуге арналған «Сарбаздың бір күні» тақырыбындағы іс-шараны 06708 әскери бөлімі командирінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Қуандық Арыстанов ашып берді. Сап түзеген әскер жасына дейінгі жастар алдында «Приозерск қалалық Жастар ресурстары орталығы» КММ бастығы Әділ Бердімұратов, Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Кенжебеков, «Сарышаған кентінің ЖОББ мектебі» КММ алғашқы әскери және технологиялық дайындығы пәнінің оқытушысы Досжан Ахметов, «Приозерск қаласының №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ алғашқы әскери және технологиялық дайындығы пәнінің оқытушысы Естай Умирзахов, 06708 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаз қатардағы жауынгер Өлішер Сәукенов, 06708 әскери бөліміндегі «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушісі Мәдихан Төрмұратов құттықтау сөз сөйледі.

Мінберге көтерілген 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Шарипов Дамир Алтайұлы әскер жасына дейінгі мектеп оқушыларына Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2025 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығы мен еліміздегі дәл қазіргі уақытта қызу жүріп жатқан жастарды күзгі әскерге шақыру тәртіптерін жеткізіп берді.

Саптық алаңда алдымен, мектеп оқушыларына әскери қызметшілердің киім үлгісінің түрлері көрсетілді. Оқушылар оқ-дәрі және қару-жарақтармен танысты. Алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету барысында жәрдем берудің кейбір түрлері оқушыларға іс жүзінде жүзеге асырылды. Сарбаздар үй-жайын аралаған оқушылар тұрмыстық жағдайларын көзбен көрді. Спорттық алаңда сарбаздар мектеп оқушыларына белтемірге көтерілу мен тартылады көрсетті. Сарбаздар асханасының табалдырығын аттаған жас жеткіншектер сарбаздарға дайындалған түскі астың дәмін татып көрді. Келесі кезекте ашық алаңда әскер жасына дейінгі мектеп оқушыларының арасында арқан тартыстан жарыс өткізіліп, жеңімпаз топ анықталды.

«Сарбаздың бір күні» атты іс-шара қорытындыланып, белсене қатысқан мектеп оқушылары 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Д.А. Шариповтың атынан дайындалған Мақтау қағазы және Алғыс хаттармен марапатталды. Жиын соңынан мектеп оқушылары 06708 әскери бөлімінің жеке құрамымен бірге естелік фотосуреттерін түсті.

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ҰЛЫ ТАРИХЫ – ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ (ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 560 ЖЫЛ)



Қазақ халқының мемлекеттілігі сонау ежелгі дәуірлерден бастау алады. Түркі қағанаттары, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда сияқты алып мемлекеттердің тарихи сабақтастығы XV ғасырда Қазақ хандығының құрылуына негіз болды.

1465 жылы Керей мен Жәнібек сұлтандар Шу мен Қозыбасы өңірінде алғаш рет дербес хандықтың туын көтерді.

Бұл оқиға халқының тағдырындағы шешуші кезең болып, болашақ тәуелсіздіктің іргетасын қалады.

Қазақ хандығының құрылуы – біріншіден, халықтың саяси тәуелсіздікке деген ұмтылысын көрсетті. Екіншіден, қазақ рулары мен тайпаларының біртұтас ел болып бірігуіне жол ашты.

Мемлекеттің нығаюымен бірге көшпелі өмір салтына бейімделген

ерекше басқару жүйесі қалыптасты.

Қазақ хандары елдіктің, бірліктің символына айналды.

Хақназар, Тәуекел, Есім, Тәуке хандардың тұсында хандықтың шекарасы кеңейіп, мемлекет іргелі күшке айналды. Әсіресе, Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» заңы елдің ішкі тұрақтылығын сақтап, құқықтық нормалардың дамуына ықпал етті.

Қазақ хандығы тек әскери – саяси держава ғана емес, мәдениеті мен руханияты өркендеген мемлекет болды. Жыраулар поэзиясы дамып, ұлттық дәстүр мен салт – сананың негіздері бекіді.

Қазақ хандығы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның алтын арқауы, мемлекеттік дәстүріміздің қайнар көзі. Ол ұлт тарихындағы еркіндікке, азаттыққа деген мәңгілік ұмтылыстың көрінісі болды.

2025 жылдың 15 қыркүйек күні

кітапхананың «Білім» орталығында Қазақ хандығының құрылғанына 560 жыл толуына орай «Мәңгілік елдің ұлы тарихы – Қазақ хандығы» атты тарихи – ақпараттық кеш өткізілді. Мақсаты: Қазақ хандығының құрылу тарихын насихаттау, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру, ел бірлігі мен тәуелсіздіктің маңызын түсіндіру. 06708 әскери бөлім сарбаздарының қатысуымен өткізілген іс-шара барысында Қазақ хандығының тарихы мен маңызына шолу жасалып, бабалар аманаты – тәуелсіздіктің қадірі насихатталады. Сонымен қатар бейнеролик көрсетіліп, кітап көрмесіндегі тарихи әдебиеттерге шолу жасалды.

**Оқырмандарға қызмет
көрсету бөлімінің
кітапханашысы
Исхакова А.Ж.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қарағанды облысы бойынша ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті «Сарышаған сужылу-2014» ЖШС-нің 2026-2030 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейін, тарифтік сметаларды және инвестициялық бағдарламаны бекітуге қатысты өтінімдерін қарау бойынша ашық тыңдалым өткізеді.

2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіруге, бөлуге, беруге және жүзеге асыруға ұсынылған есептік орташа тариф ҚҚС-сыз - 7 769,83 теңге/Гкал құрайды, соның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған,

- жеке тұлғалар (халық) – ҚҚС-сыз 2 814,02 теңге/Гкал.
- басқа тұтынушылар – 4 802,89 теңге/Гкал
- бюджеттік ұйымдар – 16 701,35 теңге/Гкал

2026 жылға арналған тарату желілері арқылы сумен жабдықтаудың мәлімделген есептік тарифі ҚҚС-сыз - 546,44 теңге/м³ құрайды, соның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған:

- жеке тұлғалар (халық) – ҚҚС-сыз 83,11 теңге/м³.
- басқа тұтынушылар – 220,03 теңге/м³
- бюджеттік ұйымдар – 1 764,63 теңге/м³

2026 жылға арналған сарқынды суларды бұру үшін мәлімделген есептік тариф ҚҚС-сыз - 458,81 теңге/м³ құрайды, соның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған:

- жеке тұлғалар (халық) – ҚҚС-сыз 63,43 теңге/м³.
- басқа тұтынушылар – 170,78 теңге/м³
- бюджеттік ұйымдар – 1 699,79 теңге/м³

Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 17 қазанда сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі, 2, ««Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны ғимаратында, акт залында, онлайн трансляциясы арқылы (<https://www.facebook.com/facebook.com/> <https://www.facebook.com/df/> әлеуметтік желісі арқылы) мекенжайда өтеді.

Басқарманың байланыс телефондары: тел.: 8 (7212) 41-18-27.

«Сарышаған сужылу-2014» ЖШС байланыс телефоны: 8 71039 5 23 88.

«Сарышаған сужылу» ЖШС әкімшілігі – 2014 ж»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по Карагандинской области, проводит публичные слушания по рассмотрению заявки ТОО «Сарышаған Сужылу-2014» на утверждение предельного уровня тарифов, тарифных смет и инвестиционной программы на 2026 – 2030 годы, на услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией, подачи воды по распределительным сетям и отводу сточных вод.

Заявленный расчетный тариф по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией на 2026 год – 7 769,83 тт/Гкал без НДС, в том числе дифференцированный по группам потребителей:

- Физические лица (население) – 2 814,02 тт/Гкал без НДС.
- Прочие потребители – 4 802,89 тт/Гкал
- бюджетные организации – 16 701,35 тт/Гкал

Заявленный расчетный тариф по подаче воды по распределительным сетям на 2026 год – 546,44 тт/м³ без НДС, в том числе дифференцированный по группам потребителей:

- Физические лица (население) – 83,11 тт/м³ без НДС.
- Прочие потребители – 220,03 тт/м³
- бюджетные организации – 1 764,63 тт/м³

Заявленный расчетный тариф по отводу сточных вод на 2026 год – 458,81 тт/м³ без НДС, в том числе дифференцированный по группам потребителей:

- Физические лица (население) – 63,43 тт/м³ без НДС.
- Прочие потребители – 170,78 тт/м³
- бюджетные организации – 1 699,79 тт/м³

Публичное слушание состоится 17 октября 2025 года, в 11:00 часов по адресу: Карагандинская область, г.Приозерск, ул. Космонавтов 2, в здании КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достық» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области актовый зал, с обеспечением онлайн-трансляции (посредством социальной сети Facebook <https://www.facebook.com/dkrem.krg/>).

Контактные телефоны Департамента: тел.: 8 (7212) 41-18-27.

Контактный телефон ТОО «Сарышаған Сужылу-2014»: 8 71039 5 23 88.

Администрация ТОО «Сарышаған Сужылу - 2014»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №38/168, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.